

*¹Туякбаев О.О.  ²Дюсенов Б.Д. 

¹Абай ат. ҚазҰПУ «Шығыс қолжазбалар мұрасы» ҒЗО, Алматы, Қазақстан

²Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹otuyak_76@mail.ru, ²bagdat75@inbox.ru

АРАБ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫ: СӨЗДІК ТҮЗУ ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада араб және түркі халықтарының жазба мұраларының ішінде аударма сөздіктердің тарихи, тілдік және мәдени маңызы қарастырылады. *Мақсаты* – ортағасырлық кезеңде түзілген араб-түркі-қыпшақ сөздіктерінің құрылымдық ерекшеліктерін, тілдік табиғатын және тарихи сабақтастығын анықтау. Тарихи лексикография бағытында араб және түркі сөздіктерінің түзілу тәсілдерін талдау арқылы сөзбе сөз сөздік пен жолма жол сөздік түзудің ерекшеліктері ең алғаш рет қарастырылып отыр. Зерттеу ісінде атқарылатын *міндеттері* – ерте кезеңде жасалған сөздіктердің мазмұнын талдау, олардың араб және түркі халықтарының тілдік және діни қажеттіліктерін орындаудағы қызметін айқындау, сондай-ақ араб және түркі тіл біліміндегі лексикографиялық дәстүрдің эволюциясын көрсету. *Ғылыми жаңалығы* – араб-түркі лексикографиясының тарихи дамуы кешенді түрде қарастырылып, Құран аудармаларына қатысты сөздіктердің пайда болуы мен олардың діни-мәдени қызметі алғаш рет жаңа қырынан жүйеленді. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, лингвистикалық талдау, археографиялық және палеографиялық *әдістері* қолданылды. *Нәтижесінде* – зерттеу барысында ортағасырлық араб-түркі сөздіктерінің түркі халықтарының исламды қабылдауындағы рөлі мен олардың рухани мұраға айналған маңызы анықталды. Бұл нәтижелер араб-түркі лексикографиясын Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі маңызды дереккөз ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің АР26101473 «Мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі түркілердің жылқыға қатысты мәдениеті» («Байтар-наме» мысалында) гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды

Кілт сөздер: мәмлүктер, араб тілі, түркі тілдері, ортағасырлық сөздіктер, Құран аудармасы, лексикография, сөздік түзу принциптері

Кіріспе

Әлеуметтік қоғамда адамдар бір-бірімен түсінісіп, ақпарат алмасу, әлемді танып-білу және т.б. рухани әрі дүниелік байланыстарда тіл негізгі фактор ретінде қызмет атқарады. Академик Ә. Қайдаров «*кез келген этностың (бүгінгі ұлыстың, халықтың не ұлттың) тілінде оның басынан өткен бүкіл өмірінің өрнегі жатыр. Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тілінде ғана сақталады*» деп түйіндейді (Қайдаров, 1988: 35). Адамзат сан жылдар бойы түрлі жағдайларда қалыптасқан тіл өнімі болып табылатын сөздер арқылы өз қалауларын басқаларға жеткізіп, олардың мақсат-мүдделерін түсінуге тырысқан. Сөз – болмыс құбылыстарын, заттарын, олардың қасиеттерін атайтын негізгі құрылыстық-семантикалық тіл бірлігі (Салқынбай, 1998: 198, 235).

Демек, тіл – барлық кезеңде елдер арасында ғылым мен білім, әдебиет пен мәдениет және экономикалық сауда байланыстарын нығайтатын, коммуникацияны қамтамасыз ететін әлеуметтік құбылыс ретінде қызмет атқарса, түрлі тілдер мен танымдар арасында көпір болған сөздіктер әр уақытта аса қажетті құрал саналған. Сөздердің мағынасын айқындайтын аудармалар, сөздіктер көне заманнан бастап халықтар арасында үлкен қоғамдық сұранысқа ие болған. Қоғамдық сұраныс бір тілден екінші бір тілге белгілі мәтіндерді аудару, сөздіктер

құрастыруға түрткі болды. Алғашында аударма мәтіндерге негізінде қалыптасқан сөздіктер ортағасырларда өзіндік жанрын тапқан, ішкі тәртібін қалыптастырған әдеби қабатқа айналды. Сөздік – бөлшектерден тұратын, бөлікке бөліп қабылдауды талап ететін жүйелі, күрделі құрылымды шығармаға айналды (Көбденова, 2010: 42).

Ең көне аударма мәтіндер – біздің жыл санауымызға дейінгі 3000-шы жылдардың басында семиттер (ассириялықтар/аккадтар) тарапынан саз тақталарға жазылған шумер-аккад мәтіндері. Мәтіні екі тілде жазылған бұл саз тақталар Ашурбанипал (б.з.д. 669–633 ж.) құрған кітапханада тұрған. Бүгінде оның кейбір бөліктері Британия мұражайында сақтаулы. Алғашқы сөздік – Александрия кітапханасының басқарушысы Византиялық Аристофанның (б.з.д. 180 ж. өлген) дайындаған «Лексиконы» (Durmuş, 2009: 398) болды.

Бір тілдегі белгілі бір сөздердің мағынасын екінші бір тілде түсіндіретін сөздіктер уақыт оза ұлыстар арасында мәдениет тасушы құралға айналады, онда қоғамдағы білімнің барлығы өз көрінісін табады (Салқынбай, 1998: 102). Осман түрік мемлекетінде өмір сүрген энциклопедист ғалым Шамс ад-дин Сами (Şemseddin Sâmî, 1850–1904) «Қамус түрки» (قاموس ترکی) сөздігінде: «Түсіндірме сөздігі болмаған тіл сөз құнын уақыт өте келе жолғалтады. Тіл байлығы жұпыны болады» деп жазып (Сами, 1318: 1), сөздіктердің рөлін бағалаған болатын.

«Сөздік» термині бүгінгі тіл білімінде екі мағынада қолданылады: 1) белгілі бір тілдің, диалектінің, әлеуметтік топтың немесе жеке бір жазушының лексикасы, сөздік құрамы; 2) сөздер мен морфемалардың, сөз тіркестері мен идиомалардың т.б. әліпби тәртібімен орналастырылып, түсінігі немесе аудармасы берілетін анықтамалық кітап. Ал сөздіктің лингвистикалық (тілдік) және энциклопедиялық түрі ортағасырларда-ақ қалыптаса бастады. Лингвистикалық сөздіктерге «қамус», «луғат» атаулары қолданылса, нақты бір ғылыми саладағы білім жайынан (фикх, хадис, грамматика, философия, медицина, астрономия, т.б.) қысқаша мағлұмат беретін энциклопедиялық сөздіктерге «табақат», «тазкират», «малфузат» сөздері де қолданылды. Бұл күнге XIII-XIV ғғ. Мысыр және Шам аумағында жалпы қолданыста болып, әдеби тіл функциясын атқарған мәмлүк-қыпшақ тіліндегі аударма сөздіктер мол жетті. Аударма сөздіктерге арап және ортағасырлық түркі тілінде «тарджуман» атауы қолданылды. Аударма сөздік дегеніміз – отандық ғалымдардың анықтауынша екі немесе бірнеше тілдің сөздік құрамын салыстыра отырып, тәржімелеу арқылы жасалған сөздіктер (Қалиев, 2006: 224).

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаладағы зерттеу нысаны ретінде ортағасырларда жазылған сөздіктер алынды. Сөздіктер арқылы сол кезеңде қалыптасқан аударма дәстүрі, заңдылықтары қаралады. Араб және түркі тілдеріндегі сөздіктерді зерттеу үшін зерттеудің нысанына (сөздіктерге), мақсаты мен көтерілген мәселелерге сай әртүрлі зерттеу әдістері қолданылды.

Жазба ескерткіштерді хронологиялық контексте салыстыру, эволюциясын анықтау үшін тарихи-салыстырмалы әдісі, сөздік мәтінінің тілдік ерекшеліктерін, графикалық жүйесін зерттеу үшін лингвистикалық талдау әдістері, ескерткіштердің нұсқаларын түгендеу, анықтау үшін археографиялық әдіс, жазу үлгілерінің дамуын, стилін зерттеу үшін полеографиялық талдау әдістері, сөздіктердің таралу аймақтары мен конкордансын анықтау үшін кеңістіктік-уақыттық талдау әдісі, ертедегі тілдік нормаларды қалпына келтіру үшін лингвистикалық модельдеу және т.б. әдістер қолданылды.

Талқылау

Шығыста сөздік жазу батысқа қарағанда ертерек дамыған. Себебі Ислам дінін қабылдағаннан кейін шығыс мұсылман елі үшін араб тілі ғылым тілі болып саналды. Мұсылман шығыс елдерінде алғаш сөздік құрастыру ісі Ислам дінінің қасиетті кітабы Құранмен тікелей байланысты. Құранда араб тілінде сирек кездесетін сөздердің (*ғариб әл-Құран*) мағыналарын Мұхаммед пайғамбардың (571–632) көзі тірісінде қасындағы *сахабалар*

(пайғамбарды көрген мұсылмандар) ауызша (*риуаят* түрінде) жинай бастаған. Кейінгі кезде хадистерде сирек кездесетін сөздер (*ғариб әл-Хадис*) үшін де түсіндірмелі сөздік жазу қажеттілігі пайда болды. Осылайша алғаш араб тілінің түсіндірме сөздіктері қалыптаса бастады (Нассар, 1988: 33-54).

Араб түбегінде VII ғасырда бастау алған Ислам діні кейінгі ғасырларда ауқымын кеңейте түсіп, көршілес елдерді өз ықпалына қарата бастады. Ислам дінінің таралу ауқымы ұлғайған сайын, ауызша түрде тараған Мұхаммед пайғамбардың сөздері – хадистерін жаңсақ, жалған, кірме сөздерден сақтап қалудың маңыздылығы артты. Көп ұзамай Ибн Салам әл-Джумахи (231/846 ж.қ.б.), Халиф ибн Хайят⁵ (240/854 ж.қ.б.), Абу Хасан әз-Зиәдй (242/856 ж.қ.б.), Ибн ән-Найым (376/987 ж.қ.б.) т.б. белгілі авторлардың қаламынан туындаған еңбектерде тақырыптық, мазмұндық жағынан кеңейе түсіп, фикх, балаға (риторика), наху (грамматика), тибб (медицина), фалсафа, т.с.с. белгілі бір ғылым саласындағы беделді сөздіктер де жазыла бастады. Орта ғасырлардағы араб әлемінде қоғамдық ойдың, философия, шешендік өнер, медицина, осылардың ішінде филология саласы жалпы араб халқының мәдени қорына өте үлкен әсерін тигізді. Филология саласының лексикография бөлімі көлемі, құрылысы, мазмұны жағынан әртүрлі және күрделілеу болып келеді.

Араб филологтарының лексикография саласындағы үздіксіз және қарқынды еңбектерінің арқасында сөздерді топтастыру мен көркемдеуде көптеген әдістердің пайда болуына, жекелеген сөздерді бір түбір айналасына топтастыру тәсілінің, сөзді түсіндіру әдістерінің пайда болуына себепкер болды. Осы кезеңдегі араб әдеби ғылымдарының ішінде лексикография бірінші орында тұрды.

Жалпы араб лексикографиясының пайда болуына байланысты ғалымдар мен зерттеушілер арасында түрлі көзқарастар бар. Араб филологтарымен бірге бірқатар батыс зерттеушілері Исламның қасиетті кітабын дұрыс оқып, талдаудың құралы ретінде пайдаланды деген пікірді қолдайды. Құран мен хадистердің лексикасына қызығушылықтан араб тілі лексикасына деген қызығушылық туды. Сондықтан әдеби тілдің жекелеген бөліктеріне арналған сөздіктер пайда бола бастады.

Мұсылман әлемі лексикографияның пайда болуы мен дамуы үшін қолайлы орта болды. Араб әдеби тілінің ортағасырлық мұсылман Шығысында кітаби және діни тіл ретінде орнығуы, араб тілді әдебиеттің қарқынды дамуы, араб тілінің өзге ұлттардың ғылыми қызметінде дәнекер тіл ретінде қолданылуы, жазба тілдің жоғары стандартын сақтаудың қажеттілігі, сондай-ақ, диалектілік түрлердің кеңінен таралуы мен араб тілінің жазба және ауызекі сөйлеу нұсқалары арасындағы айырмашылықтардың ұлғаюы, араб лексикографиясының ерте қалыптасуына және оның ғасырлар бойы дамып, өркендеуіне ықпал етті.

Ортағасырлық және қазіргі заман зерттеушілері лексикографиялық еңбектер мен семасиологиялық трактаттардың прагматикалық негізде жасалғанын атап өтеді. Араб лексикографиясы кең ауқымда дамып, бір мезгілде түрлі сөздік түрлері жасалды. Оның ерекшелігі алғашқы кезеңде қалыптасқан практикалық және теориялық қағидалар (грамматикада да солай) өзгеріссіз сақталуында.

Араб лексикографиясындағы бір тілді сөздік түрлері:

1) Топтастырушы сөздіктер – лексикасы мағыналық негізде (идеологиялық немесе тақырыптық сөздіктер) немесе белгілі бір лексикалық-семантикалық белгі бойынша жүйеленеді.

2) Түсіндірме сөздіктер – барлық сөздер қамтылып, әліпбилік ретпен орналасады

⁵ Әбу 'Абдалла Мухаммад бин Салам әл-Джумахи әл-Басрй. Табақат аш-шу'арә' әл-джәхилийн уа әл-исламийн. - Каир, әл-Матба'а әл-махмудйа әт-тиджарәа әл-кубра, 1987; Халифа ибн Хайят әл-'Усфурй. «Китәб әт-табақәт» / Редак., түсін.: Акрам әл-'Амри. – Бағдад, Матба'а әл-'әни, 1967.

(Құрышжанов, 1978:164-165).

Алғашқы пайда болған сөздіктердің көп бөлігі бізге жетпеген. Алайда, сөздік авторлары сөздерді жинақтау барысында олардың мағынасын анықтап, грамматикалық және лексика-семантикалық құбылыстарды да қарастырып отырған.

Араб лексикографтарының негізгі саласы – түсіндірме сөздіктерді құрастыру болды. Бұл сөздіктердің мақсаты – араб әдеби тілінің барлық сөздік құрамын тіркеп, белгілі бір әліпбилік ретпен орналастыру және ондағы сөздердің мағынасын түсіндіру еді. Мұндай сөздіктер араб лексикасын мүмкіндігінше толық қамтуға ұмтылған.

Осындай алғашқы еңбектердің бірі – «Китаб әл-‘айн» (كتاب العين). Бұл сөздікті Халил ибн Ахмад (الخليل بن أحمد, 718–791) құрастырған. Өз дәуіріндегі басқа лексикографтар сирек немесе қиын сөздерді ғана түсіндірумен шектелсе, Халил ибн Ахмад араб лексикасын толық қамтуды мақсат етті. Бұл еңбектің кіріспесінде араб тіл білімі мен грамматикасына қатысты теориялық көзқарастар баяндалған, олар кейінірек араб лексикографиясы мен лексикологиясының дамуына негіз болды.

Халил ибн Ахмад араб тіліндегі түбірлер жүйесін зерттеп, оны талдаған алғашқы ғалым. Ол араб сөздіктерінде түбір қағидасы бойынша сөздерді орналастыру әдісін ұсынған. Түбірлер әліпбилік ретпен орналастырылды, бірақ әліпби дыбыстық жүйеге байланысты жасалды, яғни көмейдің ең түкпірінен бірте-бірте ауыз қуысына келеді де еріннің ұшымен айтылатын дыбысты белгілейтін әріппен аяқталады (Белкин, 1975: 170). Автор әріптерді транспозициялау тәсілін қолданған. Халил бірінші болып, түбір мен оның түрлері туралы ілім қалыптастырып, араб түсіндірме сөздіктеріндегі сөздердің түбірлік ретпен берілуін енгізді. Сөздік бірнеше кітаптан тұрады. Әр кітапқа белгілі бір ғана әріптен басталатын сөздер енген. Халилдің әліпбиі бұрынғы қалыптасқан әліпбилерге ұқсамайды. Сөздіктегі әріптер дыбыстың артикуляциялық аппаратта пайда болу орнына байланысты орналасқан: дыбыс аппаратының ең төменінен бастап, еріндік дыбыстармен аяқтаған (Атабай, 2012: 43]. Сондықтан сөздік ‘айн (ع) әрпінен басталып уау (و) әрпінен аяқталады.

Бұл салада отырарлық грамматик ғалым Әбу Насыр Исма‘ил бин Хаммад әл-Жауһари әл-Фарабидің (393/1003 ж.қ.б.) «Тадж ал-лұғат уа сихах ал-‘арабйя» («Тіл тәжі және араб тілінің сөздігі», қысқаша «әс-Сихах») ⁶ атты еңбегін атап өтуге болады. Оның сөздігіне кейін белгілі ғалым, грамматик Джамал ад-дин әл-Қифти (646/1248 ж.қ.б.) «Ислах халал ас-Сихах» («әс-Сихах» кемшіліктерін толықтыру) атты түсіндірме еңбек жазады. Египет пен Шам елін (1260–1277 жж.) басқарған мамлюктердің 4-сұлтаны – Захир ад-дин Байбарыс әл-Бундуқтари (1223–1277) әл-Қифтиді Халаб қаласының қазіі етіп тағайындайды, кейін оны уәзір деңгейіне дейін көтереді. Алайда, әл-Қифти дүние-мүлік жинамайды, барған жерінде үнемі кітап сатып алып жүреді. Дүниеден озғанда артында қалған кітапханасы 50 000 динарға бағаланады (әл-Қифти, 1908: 55).

Мұндай жүйелі сөздіктерді пайдалануда көптеген қиындықтар туындайтыны сөзсіз. Дегенмен, Халилдің бұл жүйесі екі ғасырға жуық өзгерген жоқ. Кейінгі шыққан еңбектерде сөздерді соңғы түбір дауыссызының жалпы қабылданған алфавиттік реті бойынша орналастырды. Сөздіктер соңғы әріпке байланысты тарауларға бөлінеді, ал тараулар түбірдің бірінші әріпінің реті бойынша бөлімдерге бөлінеді. Мұндай әдісті ең бірінші болып Әбу Насыр ‘ил Исма‘ил бин Хаммад әл-Жауһари (اسماعيل بن حماد الجوهري) өзінің «Тәж әл-лұғат уа сихах ал-‘арабийя» (تاج اللغة وصحاح العربية) сөздігінде қолданған.

Лексикография саласында түркі ғалымы Әбу Насыр Исма‘ил әл-Жауһари жемісті еңбек етіп, өзінің терең білімінің арқасында «лексикология имамы» деген құрметті атаққа ие болды. Ол алғашында әйгілі ғалым Ибраһим әл-Фарабиден (өзінің нағашысы) білім алып, кейін оқуын

⁶ Әл-Жауһаридің «әс-Сихах» еңбегі ф.ғ.д., Каир Университетінің проф. Ахмад Мухтар Омардың монографиясында (224 б.) тілші ғалымдардың қызықтырған еңбек ретінде жақсы талқыланады, қараңыз: 383.ص. أحمد مختار عمر. البحث اللغوي عند العرب مع دراسة لقضية التأثير والتأثر. القاهرة: عالم الكتب, 1988.

жалғастыру үшін Бағдатқа қоныс аударған. Исмаил әл-Жауһари «әс-Сихах» сөздігін ұстазы Ибраһим әл-Фарабидің «Диуан әл-адаб» (ديوان الأدب) сөздігі негізге алып ондағы қателіктер мен кемшіліктерін толықтырып жазуды мақсат етті. Әл-Жауһари өз нағашысынан асып түсіп, дәлдігімен ерекшеленген керемет жүйе жасады. Оның жүйесі айқын дәлел болды (Әл-Жауһари, 1979: 266). Араб тілін жетік меңгеру мақсатында Месопотамия, Сирия және Хижазға сапар шегіп, араб тайпаларының диалектілерін мұқият зерттейді. Осыдан кейін әл-Жауһари біраз уақыт Дамған, Нишапур және Хорасанда өмір сүреді. Ол бұл қалаларда араб тілі, грамматика және каллиграфиядан дәріс берген. Каллиграфия саласында жоғары шеберлікке жеткендіктен оның қолжазбаларын атақты каллиграф ибн Мұқланың еңбектерінен ажырату қиын болды (Звегинцев, 2007: 61).

Бұл сөздік X ғасырдың аяғында жазылған, ол сол кездегі басқа сөздіктерден өзінің құрылысы, мазмұны жағынан ерекшеленеді. Ең басты ерекшелігі – құрылысының қарапайымдылығында. Мұнда сөздер түбірдің соңғы дыбысына қарай орналасады және араб алфавитіндегі дыбыстар санына қарай жиырма сегіз тараудан, әр тарау жиырма сегіз бөлімнен тұрады. Тарау дыбыс атымен аталып, онда сөз түбірдің соңғы дыбысына сай беріледі. Бірақ сонда да сөзге анықтама беруде кейбір кемшіліктердің болғанына қарамастан аталмыш еңбек өз заманында зор беделге ие болды.

«Әс-Сихах» сөздігінің құрылымы, материалдарының толықтығы және түсініктілігі тұрғысынан кейінгі барлық сөздіктер оның кеңейтілген және түсіндірілген нұсқалары іспетті болды. Бұған «әс-Сихахты» пайдаланудағы жеңілдіктер себеп болды. Әсіресе оқырмандар өлең ұйқасы үшін керекті сөздерін осы еңбектен оңай тапты. «Әс-Сихах» сөздігі 40 000 классикалық сөзден тұрады (Байниязова, 2011: 13). Әбу Насыр Исма‘ил әл-Жауһаридің бұл еңбегі араб лексикографиясындағы айтулы құбылыс болды. Ол араб тілінің сөздік қорын жүйелеп, оны түсіндіруде жаңа әдістер енгізді. Кейінгі лексикографтар үшін үлгі болып, көптеген араб сөздіктері осы еңбектің негізінде жасалды. Дегенмен, сыншылар оның жұмысындағы кейбір түсіндірме қателіктері мен кемшіліктерін атап өтті. Соған қарамастан, «әс-Сихах» араб тіл білімінде маңызды рөл атқарып, кейінгі ғасырларда көптеген толықтырулар мен түсіндірмелерге негіз болды (Белкин, 1975: 173-174; Ибн Шамс әд-дин, 1302: 2).

Сондай сөздіктердің бірі – Ибн Манзур (ابن منظور, 1232–1311) құрастырған «Лисан әл-араб» (لسان العرب) сөздігі бүгінгі күнге жеткен араб сөздіктерінің ең толық және беделді еңбектерінің бірі болып саналады. Бұл еңбектің басты мақсаты – араб лексикасын барынша толық қамту. Жалпы сөздік қоры 80 000 сөзді қамтиды. Бұл сан араб тілінің түсіндірме сөздіктері арасында ең жоғары көрсеткіш болып табылады. «Лисан әл-Араб» сөздігі «әс-Сихах» сөздігіне сәйкес жүйеленген. Сөз түбірлерінің соңғы әріптері – «баб» деп аталып, алфавиттік ретпен орналастырылған. Сөз түбірлерінің алғашқы әріптері – «фасыл» деп аталып, сол ретпен жүйеленген. Ортаңғы әріптер де алфавиттік тәртіппен реттелген. Туынды сөздер тиісті түбір астында берілген. Ибн Манзур 22 зу-л-хиджа 689 жылы/26 желтоқсан 1290 жылы өз еңбегін аяқтап, оның кіріспесінде бұрынғы сөздіктерді екі негізгі санатқа бөліп қарастырады және олардың кемшіліктерін атап сынға алады: 1) Сөз қоры мол, бірақ жүйеленуі сәтсіз сөздіктер; 2) Жүйеленуі жақсы, бірақ сөз қоры аз сөздіктер. Ол сынаған сөздіктер арасында «әс-Сихах» сөздігі де бар (Кіліс, 2003: 195-196).

Бұлардан кейінгі осы кезеңдегі лексикография саласына үлкен үлесін қосқан әл-Фирузабади (الفيروزآبادي, 1329-1415) болды. Оның 813 хиджа жылы/1410 жылы аяқталған «Әл-Қамус әл-мұхит» (القاموس المحيط) деген атпен танымал сөздігі әл-Жауһари негізін салған сөздік құрастыру мектебінің жүйесі бойынша реттелген. «Әл-Қамус әл-мұхит» ең көп таралған сөздік болып саналады. «Қамус» атауы кейіннен барлық араб сөздіктерінің жалпылама атауына айналды (Белкин, 1975: 174).

«Қамус» (мұхит) сөзі бұл еңбектің танымал болуынан кейін «сөздік» мағынасында да қолданыла бастады. Әл-Фирузабади өз еңбегіне бұл атауды беру арқылы араб тіліндегі барлық

сөздерді қамтығанын меңзеген. Алайда ол әл-Жауһаридің «әс-Сихах» сөздігіндегі сөздік қорына 20 000 сөз қосып, жалпы саны 60 000 сөзге жеткізгенімен, бұған дейін жазылған 80 000 сөзді қамтитын «Лисан әл-Араб» сөздігіндей болмады. Әл-Фирузабади кітаптың кіріспесінде фарабилік әл-Жауһари араб сөздерінің кем дегенде жартысын назардан тыс қалдырғанын, ал өзі оларды толықтырғанын айтады (Әл-Фирузабади, 2005: 27).

Көрнекті қоғам және дін қайраткері, аудармашы, ақын, Қазақ ССР-ында 1952 жылдан 1972 жылға дейін қазилық қызметін атқарған, артына мол әдеби мұра қалдырған ғалым Сәдуақас Сәлменұлы Ғылмани (1890–1972). «Арапша-қазақша сөздік» құрастыруда бір қатар көне және жаңа сөздіктерден пайдаланғанын кіріспеде атап өтеді. Пайдаланған сөздіктер арасында «әс-Сихах» пен «Ахтари кабир» сөздіктері де бар. Автор сөздігін әйгілі «Ахтари кабир» (أختری کبیر) кітабының тәртібіне сүйеніп жасағанын және жүз сегіз мың сөзден, бес томнан тұратынын атап өтеді. Сәдуақас Сәлменұлы сөздікті 1946 жылы бастап, 1966 жылы тәмамдайды (Салқынбаев, 2009: 110-111).

Ортағасырларда араб лексикографиясының дамуына түркілер арасынан шыққан Әбу Насыр Исма‘ил бин Хаммад әл-Жауһари әл-Фараби сынды ғалымдар да өз үлестерін салды.

Зерттеу нәтижелері

Парсы және түркі халықтарында Ислам дінін қабылдау арқылы жаңа діннің шарттарын, ұстаным және үкімдерін түсініп, дін талаптарын орындауы барысында кейбір проблемалар туындады. Исламның қасиетті кітабы Құран, орындалатын құлшылық ғибадаттар мен оқылатын дұғалар да араб тілінде болды. Араб тілі фонетикасы, лексикологиясы мен грамматикалық құрылысы жағынан парсы-түркі тіліне мүлдем ұқсамайды. Сондықтан да, Құранда не жазылғанын түсіну үшін оны аудару қажеттілігі туындады деп болжауға негіз бар.

Құранды басқа тілге аударуға қатысты классикалық діни әдебиеттерде мына үш мәселе алға шығады: 1) Құранды басқа тілдерге аудару; 2) Құлшылық-ғибадат (намазда) кезінде Құран аудармасын басқа тілде оқу; 3) Құранның аудармасын жазу мәселелері. Жалпы бұл үш мәселеде Ислам фикһ ғалымдары екі түрлі көзқараста болған.

Құранды басқа тілге аудару мәселесі бойынша Ислам ғалымдары арасында алғашқы кезде екі түрлі көзқарас қалыптасты. Бір топ ғалымдар қасиетті кітап араб тілінде түскенін, әрбір сөйлемнің, әрбір әріптің өзіндік мағынаға ие екендігін алға тартып, Құранды басқа тілге аудару ісін мақұлдамады. Олар Құранның *«Расында біз мұны арабша Құран түрінде түсірдік»* (Құран: 12/2, 20/113) деген аятын дәлел ретінде алға тартты. Ал, Құранды басқа тілге аударуға болатынын, тіпті бұл іс қажетті екенін жақтайтын ғалымдар Құранның *«Сені адамдарға елші етіп жібердік»* [Құран: 4/79], *«Біз сені бүкіл әлемге рахмет етіп қана жібердік»* (Құран: 21/107), *«Сені біртұтас адам баласына қуандырушы, қорқытушы етіп қана жібердік»* (Құран: 34/28) деген аяттарын дәлел етіп, пайғамбар алып келген қасиетті Құранды барлық халықтар түсінуі керек деген пікірді ұстанды (Аудар, 1996: 186-231).

Ұлты араб емес басқа халықтар Ислам дінін қабылдағаннан соң діни жораларды орындауда кейбір проблемалық жағдайларға тап болғаны мәлім. Өйткені, мұсылмандық құлшылық-ғибадаттар мен оқылатын дұғалар Құранның тілі – араб тілінде орындалуы керек болды. Әсіресе, Хорасан мен Мауараннаһрдың парсы тілді (соғд/дари) жергілікті халқы араб тілін терең меңгеру үшін ұзақ уақыт қажет болды. Сол себепті мұсылмандық құлшылықтарын өз тілінде орындау мәселесі күн тәртібіне шықты. Бастапқы бетте Әбу Ханифа (699–767) мен басқа да мұжтаһид ғұламалар дұға оқыған кезде білетін тілінде оқуға болады деген шешім шығарды. Ханафи мазһабының атақты фикһ ғалымы Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Әби Саһл Ахмед әс-Сарахси (محمد ابن أبي سهل أحمد السرخسي أبو بكر, 1088–89 ж.ж.) «әл-Мабсут» атты еңбегінде Әбу Ханифа *«парсылар пайғамбар сахабасы Салман әл-Фарсиға (қ.б.ж. 656) хат жазып, «Фатиха» сүресін парсы тілінде жазып беруін өтінген»* деген мәліметті дәлел ретінде қолданғанын айтады (Әс-Сарахси, 1324: 37). Әбу Бәкір Мұхаммад ибн Джа‘фар ән-Наршахи (أبو بكر محمد بن جعفر النرشخي, 899–959) Бұхара тарихына қатысты жазған атақты «Та’рих-и Бұхара»

(تاريخ بخاري) еңбегінде Құтайба ибн Муслим (قتيبة بن مسلم, 669–715) х.ж. 94/712 ж. Бұхарада мешіт салдырғанын, алғашқы кездерде халық араб тілін білмегендіктен бірқатар құлшылықтарын парсы тілінде жүргізгенін айтады (ан-Наршахи, 2011: 53).

Ал, Құран аяттарының мағынасын басқа тілге аударып жазу жөнінде Ханафи мазһабының фикһ ғалымдары «олар кейбір шарттарды орындаған жағдайда ғана жазуға болады» деген пәтуа берді. Бұл мәселеге қатысты Ханафи мазһабының *Бұхара фикһ мектебі* өкілдерінің берген пәтуалары маңызды. Жоғарыда аты аталған фикһ ғалымы әс-Сарахси мен ұстазы ‘Абд әл-‘Азиз ибн Ахмад әл-Халуа’и әл-Бұхари (عبد العزيز بن أحمد الحلواني البخاري, 1056-57 ж.к.б.) Құран аудармасын жазу шарттарына қатысты пәтуа берген. Әл-Халуа’и «егер біреу Құранды парсы тіліне толық аударып жазғысы келсе, бұл қатаң түрде тыйым салынады. Бірақ бір немесе екі аятты осылай жазса, оған рұқсат етіледі» дейді. Ал шәкірті әс-Сарахси өзінің «Шарх әл-жами’ әс-сағир» (شرح الجامع الصغير) еңбегінде ұстазының көзқарасын дамыта отырып, «егер ол алдымен Құран мәтінін (араб тілінде) жазып, содан кейін әр сөздің түсіндірмесі (тәфси́р) мен аудармасын (тәржіма) сол жолдардың астына жазса, онда әл-фақиһ Әбу Джа’фар әл-Хиндувани жеткізгендей, мұның оғаштығы жоқ» деп айтқан (Муминов, 2009: 422]. Құранның сөзбе-сөз аудармасын жасау мүмкін болмауының басты себеп – оның мұғжизалығы. Аударма – Құранның өзіндік стилін, шешендік байлығын, рухқа әсер ететін көркемдігін бере алмайды. Сонымен қатар аудармадағы кейбір ұғымдар мен сөздер негізгі мағынаны, сөз не мәтіннің түпкі интенциясын толық қамти алмайды (Құрманбаев, 2016: 119), сондықтан Құранды аудару аса маңызды іс деп саналмады.

Құранды басқа тілдерге аудару мәселесі төңірегінде мәселелер жоғарыда аталған факих ғалымдарының еңбектерінде шешілді. Аударма Құранның аяттарының мағынасын түсіну үшін тек сөзбе сөз аударуға, аударма Құран жазуынан кіші әріптермен тек жол асты жазылуына рұқсат етілді.

Атақты түркітанушы ғалым Янош Экманның (János Eckmann, 1905–1971) пікірінше, шығыс түркі тіліндегі Құран аудармалары екі түрге бөлінеді:

- 1) Ешқандай қосымша түсініктемелері жоқ сөзбе-сөз аудармалар;
- 2) Түсіндірмелермен толықтырылған сөзбе-сөз аудармалар. Мәтіннің аударылатын бөлігіне байланысты шағын не ұзақ әңгімелер мен қосымша түсіндірмелер жасалады (Eckmann, 1971: 151).

Белгілі шығыстанушы профессор Ә.Қ. Муминов Алматы қаласының Ұлттық кітапхана қорындағы XI және XIII ғасырларға тиесілі парсы тіліндегі Құранның жолма-жол аудармасы берілген қолжазба Құрандар сақталғанын жазады (Муминов, 2013: 21)⁷.

Біз Құранның сөзбе-сөз аудармаларынан толық мағыналы аударма шықпайтынын ескере отырып және ол аударма саналмайтындықтан, ондай Құрандар тек жеке қызығушылықпен жазылғандықтан бұл санаттағы жазба ескерткіштерді аударма сөздік мәдениетін қалыптастырған жазба мұра ретінде бағалауға болады деп санаймыз.

Бұл мәдени үрдіс Бұхарада билік құрған Саманиттер әулетінің (819–999) билеушісі I Мансур ибн Нұхтың (976 ж.к.б.) билігі кезінде (961–976 жж.) бір топ ғұламалар тарапынан атақты Ислам ғалымы Мұхаммед ибн Жарир ат-Табаридің (محمد بن جرير الطبري, 836–923) «Жами’ әл-байан ‘ан та’уили ай әл-Қуран» (جامع البيان عن تأويل آي القرآن) атты қырық томдық Құран тәпсірі парсы тіліне ықшамдалып аударылуынан басталса керек (Kök, 2004: 11-12).

Түркітанушы ғалым А. Уалиди Тоғанның (Ахмет-Заки Валидов, 1890–1970) айтуынша, Құранды парсы тіліне аударған ғалымдар арасында «Исфижаби» (Сайрам), «Мабуси» ныспысымен белгілі екі ғалымның аты аталады (Тоған, 1964: 18). Демек, араб лексикографиясын дамытқан Құран аудармасы ісінде де түріктестес ортаазиялық

⁷ Ә. Муминов ҚР Ұлттық кітапхана қорындағы XI және XIII ғғ. Құранның біреуінде (инв. 1178-36), жолма-жол сөзбе-сөз аударма (подстрочный дословный перевод) берілсе, екіншісінде (инв. 111226) жолма-жол тұтас аударма (подстрочный сплошной перевод) берілген деп жазады, қара: Муминов А. Древние Кораны Казахстана... Алматы, 2013. 19-23 бб.

ғалымдардың белгілі бір деңгейде орны болған.

Түркітанушы ғалым А. Инан (1889–1976) Құран аудармасы ең алғаш түркі тіліне Қарахан әулеті Ислам дінін қабылдағаннан кейін жетпіс жылдан соң (Бұхара қаласын алғаннан кейін), яғни XI ғасырдың алғашқы жартысында жасалған деп санайды (İnan, 1961: 8]. Осылайша, араб-түркі сөздіктерін түзудің тарихы мәмлүктер билігінен бұрын бастау алып, кейінгі ғасырларды арнасы кеңейіп, заман талабы, қоғам сұранысына қарай тұрмыстық, әскери-әкімшілік, салалық сөздіктерге дейін жазылған. Бұл тұжырымға жетелейтін жазба жәдігерлерді төмендегі тізімде ұсындық.

Кесте 1 – ортағасырлық араб-түркі аударма еңбектер мен сөздіктер кестесі

Реттік саны	Сөзбе-сөз аударма сөздіктер	Жолма-жол аударма сөздіктер
1	Халил ибн Ахмадтың (الخليل بن أحمد, 718–791) «Китаб әл-‘айн» (كتاب العين) сөздігі;	Санкт-Петербург қаласы (Ресей) Шығыстану институтында сақтаулы тұрған «Құран тәпсірі» (инв. 2475) сөздігі;
2	Исмаил ибн Хаммад әл-Жауһаридің (إسماعيل بن حماد الجوهري, қ.б.ж. 1009) «Тәж әл-лұғат уа сихах әл-‘арабийя» (تاج اللغة وصحاح العربية) сөздігі;	Стамбұл қаласындағы (Түркия) «Түрік-Ислам жәдігерлері» мұражайында (Türk İslam Eserler Müzesi) сақтаулы (TIEM 73) нұсқа;
3	Махмұт ибн әл-Хұсейн ибн Мұхаммед әл-Қашғаридің (محمود بن الحسين بن محمد الكاشغري, 1029–1101) «Диуан лұғат әт-түрік» (ديوان لغات الترك) сөздігі;	Өзбекстан Ғылым академиясының А.Р. Бируни атындағы Шығыстану институтында (Ташкент) сақтаулы тұрған нұсқа (инв. 2008);
4	Ибн Манзурдың (ابن منظور, 1232–1311) «Лисан әл-Араб» (لسان العرب) сөздігі;	Манчестер қаласындағы (Ұлыбритания) «Rylands» нұсқасы (MS. Ar. 25-38);
5	әл-Фирузабадидың (الفيروز آبادي, 1329-1415) «әл-Қамус әл-мұхит» (القاموس المحيط) сөздігі;	Әбу-л-Қасым Махмуд ибн ‘Омар ибн Мұхаммед аз-Замахшаридің (أبو القاسم محمود بن عمر الزمخشري, 1075–1144) «Мұқаддамат әл-адаб» (مقدمة الادب) сөздігі;
6	Муслихутдин Мұстафаның (қ.б.ж. 1560) «Ахтари кабир» сөздігі;	Мәмлүктер кезеңіндегі араб-қыпшақ сөздіктері

Орталық Азияда жасалған Құран аудармасы Алтын Ордамен тығыз байланыста болған мәмлүктер билігі тұсында Каир, Шам, Александрия, Алеппо және т.б. жерлерде түзілген араб-қыпшақ сөздіктерінің түзілуіне қаншалықты ықпалы болды деген мәселе көтеру қаншалықты орынды? Бұл сұрақтың жауабы болашақ зерттеулер еншісіне қалып тұр. Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер толық зерттелмей бұл сұраққа жауап беру үстірт болары анық. Десе де, бүгінге жеткен жазба жәдігерлер сөздік құрудың өзіндік реті, тәртібі, ішкі ережесі, мектебі, этикасы, дәстүрі болғанын анық көрсетеді. Олардың әр кезеңдегі сабақтастығын зерттеу, салыстыру арқылы аталған сұраққа тұжырымды жауап беруге болатынын аңғартады.

Қорытынды

Жоғарыда қарастырылған сөздіктерден басқа да араб-түркі тілінде дін, поэтика, философия, атбегілік, ветеринария, медицина, лапидария, т.б. тақырыптарда жазылған еңбектер бар. Бұл еңбектер мәмлүк-қыпшық тілінің ғылыми әлеуетін, сөздік қорының байлығын көрсететін дерек көз екеніне еш күман жоқ. Олардың басым көпшілігі Еуропаның ірі қалаларындағы кітапханалар мен Түркия, Мысыр, Шам, Араб мемлекеттерінің мәдени орталықтары мен кітапхана, мұражай, мұрағат қорларында сақтаулы. Сондықтан да, бұл жәдігерліктердің жалпы саны қанша екені әлі нақты анықталған емес. Қазақ, орыс тіліне аударылған шығармалар, сөздіктер халқымыздың тарихи, рухани мұрасына айналуда.

Қазақстанның ортағасырлық тарихы мен мәдениетін зерттеу саласында араб-түркі лексикографиясын зерттеудің маңызы өте зор. Жазба ескерткіштердің тарихи, мәдени, тілдік, саяси, әлеуметтік және т.б. бағыттар бойынша беретін ақпараты Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында көтерілген «Дала өркениеті» концепциясын ғылыми тұрғыда негіздеуге арқау болады. «Жәдігерлер Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді» деген Мемлекет басшысының ойымен келісе отырып, ұлан-ғайыр Дешті Қыпшақ даласы жаһандық мәдениеттің бір ошағы болғанын және оның ізі жазба мұралар беттерінде хатталғанын айтқымыз келеді.

Әдебиет:

Aydar, 1996 – *Aydar H. Kur'an-i Kerim'in tercümesi meselesi*. İstanbul: Kur'an Okulu Yayıncılık, 1996. – 464 s.

Durmuş, 2009 – *Durmuş İ. Sözlük* // TDV İslâm Ansiklopedisi. Ankara: TDV Yayınları, 2009. 37 C. 398–401 S.

Eckmann, 1971 – *Eckmann J. Eastern Turcic Translations of the Koran* // *Studia Turcica*. Edidit: L. Ligeti. – Budapest: Akademiai Kiado, 1971. – 498 p.

İnan, 1961 – *Abdülkadir, İnan*. Kur'an Kerimin türkçe tercemeleri üzerinde bir inceleme. Ankara: Türk Tarihi Kurumu Basımevi, 1961.

Kılıç, 2003 – *Kılıç H. Lisânü'l-Arab* // TDV İslâm Ansiklopedisi. – İstanbul: TDV Yayınları, 2003. – 27 C., – 195–196 s.

Kök, 2004 – *Kök A. Karahanlı Türkçesi Satır-Arası Kur'an Tercümesi* (TİEM 73 Iv/1-235v/2), Giriş-İnceleme-Metin-Dizin. Yayınlanmamış Doktora Tezi. –Ankara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2004. –705 s.

Toğan, 1964 – *Toğan, Zeki V. The earliest translation of the Qor'an into Turkish* // *İslam Tedkikleri Enstitüsü Dergisi / Review of the Institute of Islamic Studies*. Cild – Volume IV, Cüz – Parts 1-2. –İstanbul: Edebiyat Fakültesi Basımevi, 1964. –S. 1–19.

ан-Наршахи, 2011 – *Абу Бакр Мухаммад ибн Джа'фар ан-Наршахи*. Та'рих-и Бухара. История Бухары. /Перевод, комментарии и примечания Ш. С. Камолиддина. Археолого-топографический комментарий Е. Г. Некрасовой. –Ташкент: SMIA-SIA, 2011. – 600 с.

Атабай, 2012 – *Атабай Б.А., Әл Хули А. Әл халил ибн Ахмадтың араб тіл біліміндегі орны*. ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2012. –№4 (61). – Б. 43–47.

әл-Жауһари, 1979 – *Әл-Жауһари Исма'ил ибн Хаммад*. Әс-Сихах таж әл-лұғат уә сихах әл-'арабийя. – Бейрут: Дар әл-'илм лил-малайин, 1979. – 6-т. – 2563 б.

әл-Қифтй, 1908– *Жамāl ад-дйн Аби ал-Хасан 'Алй бин ал-Қадй Иўсўф әл-Қифтй*. Китāб ихбār ал-'уламā' би-ахбār ал-хукамā' / Баспаға әзір., редак.: Мухаммад Амйн ал-Хā'йджй ал-Катабй. 1-басылым. – Каир: «ал-Матба'а ал-ма'аша», 1326/1908. – 307 б.

әл-Фирузабади, 2005 – *Мажд әд-дин ибн Йа'қуб әл-Фирузабади*. Әл-Қамус әл-мухит. – Бейрут: Му'әссасат әр-рисалат, 2005. – 1498 б.

әс-Сарахси, 1324 – *Мұхаммед ибн Әби Сәһл әс-Сарахси*. Китаб әл-мәбсут. – Мысыр: Матба'ат әс-Са'адат, 1324. –Т. 1. – 253 б.

Байниязова, 2011 – *Байниязова Ж. Түркі лексикографиясының тарихы жайлы* // А. Ясауи университетінің хабаршысы. – 2011. – №3. – Б. 11–14.

Белкин, 1975 – *Белкин В.М.* Арабская лексикология. –М.: Издательство Московского университета, 1975. – 200 с.

Звегинцев, 2007 – *Звегинцев В.А.* История арабского языкознания: Краткий очерк. Изд. 3-е, стереотипное. – М.: Дом Книга, 2007. – 80 с.

Ибн Шамс әд-дин, 1302 – *Мустафа, Ибн Шамс әд-дин.* Ахтари кәбир. Матба‘ат әл-‘амират, 1302. – 1197 б.

Көбденова, 2010 – *Көбденова Г.Б.* Теориялық лексикографияның ғылыми негіздері // ҚР ҰҒА Хабаршысы, филология сериясы. – 2010. – № 4. – Б. 42–45.

Қайдаров, 1988 – *Қайдаров Ә.* Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: Проблемалар мен міндеттер / Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. – 200 б.

Қалиев, Болғанбаев, 2006 – *Қалиев Ф., Болғанбаев Ә.* Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: оқулық. – Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы, 2006. – 264 б.

Құрманбаев, 2016 – *Құрманбаев Қ., Есімқұлов Е.Н.* Еуропадағы Құран аудармалары // KazNU Bulletin. Oriental series. – 2016. – №3 (78). – Б. 112–119.

Құрышжанов, 1975 – *Құрышжанов Ә., Жұбанов А. Белботаев А.* Куманша-қазақша жиілік сөздік. –Алматы: Ғылым баспасы, 1978. – 277 б.

Муминов, 2009 – *Муминов А.* Средневековые дискуссии о возможности перевода Корана на национальные языки Центральной Азии // III Международный конгресс тюркологии. Актуальные проблемы и перспективы современной тюркологии (общий язык, история и алфавит). –Түркістан, 2009. – 734 б.

Нассар, 1988 – *Нассар Х.* Әл-Мұжам әл-‘араби нәшә’туһу уә тәтаууруһу. –Қаһира: Дар Мысыр лил-тиба‘ат, 1988. – 1-т. – 682 б.

Салқынбаев, 2009 – *Салқынбаев М.Б.* Қазақ және араб әдебиеті (Типология, генезис және аударма мәселелері): Оқу құралы. – Астана: «Астана полиграфия», 2009. – 208 бет.

Салқынбай, 1998 – *Салқынбай А., Абақан Е.* Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.

Сами, 2002 – *Сами III.* Қамус турки. Дәрса‘адат: Иқдам матба‘асы, 1318. – 1576 б.

References:

Aydar, 1996 – *Aydar H.* Kur'an-i Kerim'in tercümesi meselesi. –İstanbul: Kur'an Okulu Yayıncılık, 1996. – 464 s.

Durmuş, 2009 – *Durmuş İ.* Sözlük // TDV İslâm Ansiklopedisi. – Ankara: TDV Yayınları, 2009. 37 C. 398–401 S.

Eckmann, 1971 – *Eckmann J.* Eastern Turcic Translations of the Koran // Studia Turcica. Edidit: L. Ligeti. – Budapest: Akademiai Kiado, 1971. – 498 p.

İnan, 1961 – *Abdülkadir, İnan.* Kur'an Kerimin türkçe tercemeleri üzerinde bir inceleme. – Ankara: Türk Tarihi Kurumu Basımevi, 1961.

Kılıç, 2003 – *Kılıç H.* Lisânü'l-Arab // TDV İslâm Ansiklopedisi. – İstanbul: TDV Yayınları, 2003. – 27 C., – 195–196 s.

Kök, 2004 – *Kök A.* Karahanlı Türkçesi Satır-Arası Kur'an Tercümesi (TİEM 73 Iv/1-235v/2), Giriş-İnceleme-Metin-Dizin. Yayınlanmamış Doktora Tezi. –Ankara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2004. –705 s.

Toğan, 1964 – *Toğan, Zeki V.* The earliest translation of the Qor'an into Turkish // İslam Tedkikleri Enstitüsü Dergisi / Review of the Institute of Islamic Studies. Cild – Volume IV, Cüz – Parts 1-2. –İstanbul: Edebiyat Fakültesi Basımevi, 1964. –S. 1–19.

an-Narshahi, 2011 – *Abu Bakr Muhammad ibn Ja'far an-Narshahi.* Ta'rikh-i Bukhara. Istoriya Bukhary /Perevod, kommentarii i primechaniya SH. S. Kamoliddina. Arkheologo-topograficheskiy kommentariy Ye. G. Nekrasovoy [Ta'rikh-i Bukhara History of Bukhara /Translation, comments and notes by Sh. S. Kamoliddin. Archaeological and topographical commentary by E. G. Nekrasova]. –

Tashkent: SMIA-SIA, 2011. – 600 p. (in Rus)

Atabay, 2012 – *Atabay B.A., Əl Khulī A.* Əl khalil ibn Akhmadtyn Arab til bilimindegі orny [The place of Al-Khalil ibn Ahmad in Arabic linguistics]. Kazu Khabarshysy. Shygystan seriesi. – 2012. – №4 (61). – B. 43–47. (in Kaz)

Al-Jauhari, 1979 – *Al-Jauhari Isma'il bin Hammad.* As-Sihah tadj al-lugat ua Sihah al-'arabiya. – Beirut: Dar al-'ilm lil-malayin, 1979. – V.6. – 2563 p. [in Arab]

Al-Qifti, 1908 – *Jamāl ad-dīn Abu al-Hasan 'Ali b. al-Qadī Yūsūf al-Qiftī.* Kitāb ikhbār al-'ulamā' bi-ahbar al-hukamā' / Edit: Muhammad Amin al-Hā'ijī al-Katabi. – Cairo: “al-Matba'a al-ma'asha”, 1326/1908. – 307 p. [in Arab]

Al-Fairūzabādī, 2005 – *Majd ad-dī b. Ya'qūb al-Fairūzabādī.* Al-Qamūs al-Mukhīt. – Beirut: Mu'assasat ar-risalah, 2005. – 1498 p. [in Arab]

As-Sarakhsī, 1324 – *Muhammad b. Abi Sahl As-Sarakhsī.* Kitab al-mabsut. – Mysyr: Matba'at as-Sa'adat, 1324. – T. 1. – 253 b. [in Arab]

Bainiyazova, 2011 – *Bainiyazova Zh.* Turki lexicographiasynyng tarikhy zhaily // A. Yasawi universiteti khabarshysy. [About the history of Turkic lexicography. Bulliten of Yasawi university] – 2011. – No. 3. – B. 11–14. (in Kaz)

Belkin, 1975 – *Belkin V.M.* Arabskaya leksikologiya [Arabic lexicology]. – M.: Moscow University Publishing House, 1975. – 200 p. (in Rus)

Zvegintsev, 2007 – *Zvegintsev V.A.* Istoriya arabskogo yazyka: Kratkiy ocherk. [History of Arabic linguistics: A brief outline]. – M.: Dom Kniga, 2007. – 80 p.

Ibn Shams ad-dīn, 1302 – *Mustafa, Ibn Shams ad-dīn.* Akhtarī kabīr. Matba'at al-'amirat, 1302. – 1197 p. [in Arab]

Kobdenova, 2010 – *Kobdenova G.B.* Teoriyalyk leksikografanyñ gylymi negizderi // KR UGA Khabarshysy, filologiya seriasy [Scientific foundations of theoretical lexicography // Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, philology series]. – 2010. – No. 4. – P. 42–45.

Khaidarov, 1988 – *Khaidarov A.* Kazakh tiliny tarikhi lexicologyasy: Problemlar men mindetter / Kazakh tili tarikhi lexicologysynyng maseleleri [Historical lexicology of the Kazakh language: Problems and tasks / Problems of historical lexicology of the Kazakh language.]. – Almaty: Gylym, 1988. – 200 p. (in Kaz)

Kaliev, 2006 – *Kaliev F., Bolganbaev A.* Kazirgi kazakh tilining lexicologyasy phraseologyasy: oqulyq [Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language: textbook] – Almaty: “Sozdik-Slovar” baspasy, 2006. – 264 p. (in Kaz)

Kurmanbaev, 2016 – *Kurmanbaev K., Yesimkulov E.N.* Europadagy Kuran audarmalary // KazNU Khabarshysy. Shygystanu seriasy. [Quran translations in Europe // Bulletin of KazNU. Oriental series]– 2016. – No. 3 (78). – p. 112–119.

Kuryshzhanov, 1975 – *Kuryshzhanov A., Zhubanov A. Belbotaev A.* Kumansha-Qazaqsha jyilik sozdik [Kuman-Kazakh frequency dictionary]. – Almaty: Gylym Baspasy, 1978. – 277 p. (in Kaz)

Muminov, 2009 – *Muminov A.* Srednevekovyye diskussii o vozmozhnostyakh perevoda Korana na yazyki stran Tsentral'noy Azii // III Mezhdunarodnyy kongress tyurkologii. Aktual'nyye problemy i perspektivy sovremennoy tyurkologii (obshchiy yazyk, istoriya i alfavit) [Medieval discussions about the possibility of translating the Koran into the national languages of Central Asia // III International Congress of Turkology. Current problems and prospects of modern Turkology (common language, history and alphabet)]. – Turkistan, 2009. – 734 p.

Nassar, 1988 – *Nassar H.* al-Mu'jam al-'arabi nasha'tuhu ua tatauuruhu [The Arabic Dictionary: Its Origin and Development]. – Cairo: Dar Mysyr lil-tiba'at, 1988. – 1st volume. – 682 p. (in Arab)

Salkynbaev, 2009 – *Salkynbaev M.B.* Kazakh zhane arab adebieti (Typologiya, genesis zhane audarma maseleleri): Oqu quraly [Kazakh and Arabic Literature (Typology, Genesis and Translation Issues): Textbook]. – Astana: “Astana Printing”, 2009. – 208 p. (in Kaz)

Salkynbay, 1998 – Salkynbay A., Abakan E. Linguisticalyq tussindirme sozdik. [Linguistic explanatory dictionary] – Almaty: Sozdik-Dictionary, 1998. – 304 p. (in Kaz)
Sāmī, 2002 – Sāmī Sh. Qamūs Turkī. Dar sa'adat: Matba'a Iqdām, 1318. – 1576 p. (in Arab)

¹Туякбаев О.О. ²Дюсенов Б.Д.

¹КазНПУ имени Абая НИЦ «Наследие восточных рукописей», Алматы, Казахстан

²Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹otuyak_76@mail.ru, ²bagdat75@inbox.ru

ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛЕКСИКОГРАФИЯ АРАБСКОГО И ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ: ПРИНЦИПЫ И СПОСОБЫ СОСТАВЛЕНИЯ СЛОВАРЕЙ

Аннотация. В Египте и Сирии в XIII–XIV вв. было составлено несколько арабо-кипчакских словарей с целью облегчить языковые контакты между арабами и кипчаками, а также служить вспомогательным пособием и учебником для военной и административной среды, переводчиков и торговцев. Эти труды, включающие бытовую, военную, религиозную и административную лексику, представляют собой ценные письменные памятники для востоковедения, тюркологии, лингвистики, этнографии и исторической науки. Такие словари, как «Таржуман», «Китаб ал-Идрак», «ат-Тухфа», «ал-Каванин», «ад-Дурра», «Китаб ал-‘айн», свидетельствуют о культурных обменах между арабским и тюркским народами, тогда как жанровые труды вроде «Байтар-наме», «Китаб ал-Хайль» конкретизируют сферы культурного взаимодействия того времени. Для определения уровня развития культуры, её этапов и ареала распространения важны не только археологические находки, но и письменные источники. Принадлежность культуры к определённой цивилизационной среде во многом выявляется через исследование языковых пластов, лексических единиц, их употребления в литературной и разговорной речи. Языковой материал, содержащийся в средневековой литературе, летописях и словарях, отражает культурный облик эпохи. В этом контексте арабо-кипчакские словари являются незаменимым источником для изучения истоков казахской культуры. В статье представлен обзор арабо-кипчакских словарей, к которым с конца XIX века проявили интерес европейские и русские востоковеды, а позднее — отечественные исследователи. Рассматриваются историко-культурные основы их формирования.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан AP26101473 «Культура тюрков, связанная с лошадью, в мамлюкско-кипчакских письменных памятниках (на примере «Байтар-наме»)».

Ключевые слова: мамлюки, арабский язык, тюркские языки, средневековые словари, перевод Корана, лексикография, принципы составления словарей.

¹ Tuyakbayev O.O. ² Dyussenov B.D.

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University, Research Center “Heritage of Oriental Manuscripts”, Almaty, Kazakhstan

² R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹otuyak_76@mail.ru, ²bagdat75@inbox.ru

HISTORICAL LEXICOGRAPHY OF ARABIC AND TURKIC LANGUAGES: WAYS OF COMPILING DICTIONARIES

Abstract. This article examines the historical, linguistic and cultural significance of translation dictionaries among the written heritage of the Arab and Turkic peoples. The purpose of the article is to identify the structural features, linguistic nature and historical continuity of the Arab-Turkic-

Kipchak dictionaries formed in the medieval period. In the direction of historical lexicography, analyzing the ways of forming Arabic and Turkic dictionaries, the features of literal translation and subscript translation by words are considered for the first time. The objectives of the research are to analyze the content of dictionaries compiled at an early stage, to determine their activities in meeting the linguistic and religious needs of the Arab and Turkic peoples, as well as to demonstrate the evolution of the lexicographic tradition in Arabic and Turkic linguistics. The scientific novelty lies in the fact that the historical development of Arab-Turkic lexicography was considered comprehensively, and the appearance of dictionaries related to translations of the Koran and their religious and cultural activities were for the first time systematized from a new perspective. The research used historical-comparative, linguistic analysis, archeographic and paleographic methods. As a result, the study revealed the role of medieval Arabic–Turkic dictionaries in the adoption of Islam by the Turkic peoples and their significance as a spiritual heritage. These results allow us to consider Arabic-Turkic lexicography as an important source in the study of the historical and cultural heritage of Kazakhstan.

Acknowledgment: The article was prepared within the framework of the grant funding project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, AR26101473, “The Turkic horse-breeding culture in Mamluk-Kipchak written monuments (on the example of Baytar-name)”.

Keywords: Mamluks, Arabic, Turkic languages, medieval dictionaries, translation of the Quran, lexicography, Principles of dictionary compilation.

Авторлар туралы мәлімет:

Тұякбаев Өмір Оразұлы, философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті “Шығыс қолжазбалар мұрасы” ғылыми-зерттеу орталығының Бас ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Дүйсенов Бағдат Даниярұлы, философия докторы (PhD), Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Туякбаев Омир Оразович, доктор философии (PhD), главный научный сотрудник Научно-исследовательского центра «Наследие восточных рукописей» Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Дюсенов Багдат Даниярович, доктор философии (PhD), Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Tuyakbaev Omir Orazuly, PhD, Chief Researcher in the Research Center "Heritage of Eastern Manuscripts" of the Kazakh National Pedagogical Abai University, Almaty, Kazakhstan.

Dyussenov Bagdat Daniyarovich, PhD, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.